Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы
"Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
"Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
№ 179
«15» 05 2025 ж.

**«Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша кемшіліктерді орындау және жою жұмыстары жөніндегі анықтама**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру**

**Аталған кемшіліктер.** Актөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің Мектепке дейінгі ұйым қызметінің тәртібіне сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы» хабарламасы жоқ. Бұдан «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» (Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ. 17-бап. «Рұқсат беру және хабарлама жасау тәртіптері туралы жалпы ережелер» орындалмаған және Білім туралы (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 57-1-бапқа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама» ұсылмаған.

**Кемшілікті жою жолдары.** Мектепке дейінгі ұйым қызметінің тәртібіне сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы» хабарламасын «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» (Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ. 17-бап. «Рұқсат беру және хабарлама жасау тәртіптері туралы жалпы ережелер» және Білім туралы (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 57-1-бапқа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама» сәйкес хабарлама талоны алынды. (хабарлама талоны мектеп сайтына салынды)

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру**

**Аталған кемшіліктер.** Бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1 тарауының 9 тармағы талабы орындалмаған: әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес мектепалды сыныбының жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі туралы мәлімет ұсынылмаған. Бұдан, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 – тарауының 4- тармағының 4)-тармақшасының талаптарына сәйкес келмейді.

**Кемшілікті жою жолдары.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1- қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2 – тарауының 4- тармағының 4)-тармақшасының талаптарына сәйкестендіру: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1 тарауының 9 тармағы талабы бойынша әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес мектепалды сыныбының жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі туралы мәлімет ұсыну бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр; (Фото анықтамасы мектеп сайтына салынды)

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру**

**Аталған кемшіліктер.** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.4

тармағына сәйкес келмейді: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 6 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 2023-2024 оқу жылындағы мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылмаған.

**Кемшілікті жою жолдары.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 6 тармағы талабына сәйкес 2024-2025 оқу жылындағы мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылды. (жеке даму карталары мектеп сайтына салынды)

**Мерзімі**-30.04.2025ж

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру**

**Аталған кемшіліктер.** Бағалау өлшемшарттарының **12.10** тармағының талабы орындалмаған: «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығының 2- тарауының 9- тармағы, 3-тарауының 16-тармағына "Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтердің болуы" талабына сәйкес келмейді, 2023-2024 оқу жылында 1 педагог бейіні сәйкес келмейтін пәндерді жүргізген (математика және информатика пәні мұғалімі Жиеналина Г.К- биология пәнін 8, 9, 10, 11 кластарда жүргізген.

№ 473 бұйрықтың 2 тарауының 9 тармағы мен 3 тарауының 16 тармағына талаптарына сәйкес келмейді, өйткені шағын жинақталған мектептер үшін негізгі білім беру деңгейінде кемінде сапалық құрамы 25 % болуы орнына -10,5% құраса, жалпы орта білім беру деңгейінде де кемінде 25 % болу орнына сапалық құрамы – 12,5% құрайды.

Бұйрықтың 1 тарауының 5 тармағы, 2 тарауының 12 тармағы, 3 тарауының 19 тармағы бойынша талапқа сәйкес келмейді, өйткені білім беру ұйымы тарапынан Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес объектінің (әрбір оқу корпусына) өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне бақылау объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау немесе тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі, яғни № 55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесін ұсыну.

"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес келмейді, өйткені 6 педагог (Рсмаганбетов К.М. Шәлекенов А.Ж, Амитжан М, Жиеналина Г, Төлеген Г.А, Сутемгенов Г. С) біліктілік санатын 5 жылда 1 рет уақытылы арттырмаған(растамаған) . Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығының 5-тарауы, 1-параграфы, 138-тармағы сәйкес келмейді, өйткені мектеп директоры (Аяпова С) және директор орынбасары (Султанова А) лауазымдық қызметтері бойынша біліктілік санатын арттырмаған

**Кемшілікті жою жолдары.** «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығының 2- тарауының 9- тармағы, 3-тарауының 16 - тармағы талаптарына сәйкестендіру, диплом бойынша тиісті бейіндеріне сәйкес келетін биология қажет мамандармен толық қамтамасыз ету бойынша Аудандық білім бөліміне сұраныс берілді. 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап аталған пән бойынша дипломы бар маман сабақ жүргізеді.

Қағиданың 2 тарауының 9 тармағы мен 3 тарауының 16 тармағына талаптарына сәйкес шағын жинақталған мектептер үшін негізгі білім беру деңгейінде кемінде сапалық құрамы кемінде 25 %, жалпы орта білім беру деңгейінде сапалық құрамы кемінде –25 % болу талаптарын сақтау.

Сапалық құрам бойынша 2025 жылдың қаңтар айында 2 мұғалім (С.Игисинова, Т.Асылбекқызы) педагог-сарапшы санатын қорғады. (бұйрық пен куәлік көшірмесі мектеп сайтына салынды).





Сонымен бірге 2 мұғалім (Г.Төлеген, А.Жарасова) педагог-модератор санатын алды.

Қазіргі кезде мектебімізде педагогтар саны 17. Сапалық құрам 25%-ға жетпей отыр. Себебі педагогикалық кадрдың тұрақты болмауы, жас мамандардың санатын көтеруге біліктілік талаптарының сәйкес келмеуі кедергі келтіруде. Сапалық құрамды көтеруге көрші мектептерден сарапшы санаты бар педагогтарды (совместительство) тарту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

№473 бұйрығының 1- тарауының 5- тармағы , 2- тарауының 12 - тармағы, 3 -тарауының 19-тармағы талабын орындау: № 55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне тексеру нәтижелер туралы актінің көшірмесі алынды. (тексеру нәтижелер туралы актінің көшірмесі мектеп сайтына салынды)

"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3) тармақшасы талабын орындау (Рсмаганбетов К.М. қоныс аударып кетті.)

Төлеген Г.А, мен Сутемгенов Г. С педагог-модератор санатын алды.(бұйрық, куәлік көшірмесі мектеп сайтына салынды)

Шөлекенов А.Ж, Амитжан М, Жиеналина Г педагог-модератор санатына 2025-2026 оқу жылына орай аттестацияға өтініштерін берді. Шөлекенов А.Ж, Амитжан М, Жиеналина Г бірінші тестілеуден (ПББ) шекті ұпай жинай алмады. Екінші мүмкіндікке тіркеле алмай отыр.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығының 5-тарауы, 1-параграфы, 138-тармағы сәйкес мектеп директоры (Аяпова С) зейнет жасына толуына байланысты еңбек шарты 2025жылдың маусым айында тоқтатылады. Директор орынбасары (Султанова А)

біліктілік санатын лауазымдық қызметі бойынша арттыруға аттестацияға құжаттары біліктілік талабына сәйкес келмегендіктен тесттілеуге тіркелген жоқ.

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру**

**Аталған кемшіліктер.** Бағалау өлшемшарттарының **14.2** тармағы талабына сәйкес келмейді,«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2- тарау, 9- тармағы *« Сабақта БЖБ орындау үшін өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен уақытын педагог дербес айқындайды. БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек»* сақталмаған: 2023-2024 оқу жылында 2023-2024 оқу жылында БЖБ үшін максималды балл 2023-2024 оқу жылында 2 «А» класс орыс тілі пәні 1 тоқсанда 26.09.2023 және 12.10.2023 күндері БЖБ жоғары 6 балл *(Пән мұғалімі Амитжан М.А)*БЖБ үшін максималды балл сақталмаған. Сонымен қатар 13- тармағы «*Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды», ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді*» талаптарына сәйкес келмейді, өйткені оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке алмай,негізгі білім берудің деңгейі бойынша 4 ТЖБ (23.10.2023ж *орыс тілі мен әдебиеті, жаратылыстану, қазақ әдебиеті,шетел тілі* ).8А сыныбында I тоқсанда 5 ТЖБ (*23.10.2023ж физика, география, Қазақстан тарихы қазақ әдебиеті,алгебра*), 8А сыныбында II тоқсанда: 5 ТЖБ (*25.12.2023ж физика, география, Қазақстан тарихы қазақ әдебиеті,алгебра*). 9А сыныбында I тоқсанда: 5 ТЖБ (*23.10.2023ж күні биология, география, қазақ әдебиеті, физика, алгебра*), 9А сыныбында II тоқсанда: 4ТЖБ (*26.12 күні геометрия, физика,орыс тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы*) ,10А сыныбында II тоқсанда: 4-ТЖБ (*25.12.2023ж орыс тілі мен әдебиеті, информатика, геометрия, Қазақстан тарихы*) ,10А сыныбында II тоқсанда 4ТЖБ (*25.12.2023ж орыс тілі мен әдебиеті, информатика, геометрия, Қазақстан тарихы*) ,10А сыныбында II тоқсанда: 4-ТЖБ (*25.12.2023ж орыс тілі мен әдебиеті, информатика, геометрия, Қазақстан тарихы*), 10Асыныбында III тоқсанда: 4-ТЖБ (*15.03.2024ж қазақ әдебиеті,биология,физика,география*) , 11А сыныбында I тоқсанда: 6-ТЖБ (*физика, география, информатика, қазақ әдебиеті, геометрия, шетел тілі*).,11А сыныбында III тоқсанда: 5-ТЖБ (*14.03.2023ж орыс тілі мен әдебиеті, химия,геометрия, Қазақстан тарихы*), 4-ТЖБ (*15.03.2023ж алгебра және анализ бастамалары, физика ,информатика, биология*)

**Кемшілікті жою жолдары.** Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2- тарау 9- тармағы мен 13 тармағы талаптарын БЖБ және ТЖБ өткізгенде сақтау жұмыстары бойынша педагогикалық кеңес өткізіліп, педагогтар арасында түсінік жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге БЖБ жұмыстарына әлеуметтік желіден алынған дайын материалды пайдалануға жол берілмейтіні айтылды. Орыс тілі пәні мұғалімі М.Амитжаннан шара алынып, директор бұйрығымен ескерту берілді.

Мектеп директоры: С.Г.Аяпова